

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі**  
**Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік**  
**тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның**  
**«Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулықпен**  
**қызметкерлерді таныстыру»**  
**тақырыбындағы жиналысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Тараз қаласы

15 мамыр, 2025 ж

**Төрағалық еткен:** – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері»  
**Қатысқандар:** Кәсіпорын қызметкерлері

Төраға жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібімен таныстырды.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Бүгінгі күн тәртібінде қарастырылып отырған мәселе, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ұйымдастырған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже және квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметшілер туралы» Үлгілік ережемен таныстыру.

1. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері Б. Қарымсақова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже және квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметшілер туралы» Үлгілік ережемен таныстырды. Осы Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің немесе тұлғалардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайтынын алға тартып, баяндады.

2. Қатысушылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жайында пікір алмасып, өз ойларымен бөлісті.

Күн тәртібіндегі жасалған баяндамалар назарға алынып,

**Жиын қорытындысы:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы кәсіпорын қызметкерлеріне үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықпен күрес баршамыздың міндетіміз жайында тақырыпта кәсіпорын қызметкерлеріне үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрағалық еткен



Б. Қарымсақова